

Б.Н. Жабыттай¹, Н.С. Досмағанбетов¹, Г.К. Айбасова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

²Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: bayana_7778@mail.ru)

Қалалық инфрақұрылымның инновациялық дамуын басқарудың негізгі бағыттары мен жетілдіру жолдары

Мақалада Нұр-Сұлтан қаласының мысалында қаланың инновациялық дамуын және оның инфрақұрылымын басқару мәселелерінің негізгі бағыттары мен жетілдіру жолдары қарастырылды. Мақаланың негізгі мақсаты қалалық инфрақұрылымды инновациялық тұрғыда дамытудың өңірлік инвестициялық, өнеркәсіптік, көліктік және экологиялық саясатын тиімді түрде жүзеге асыру, сонымен қатар, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау мен дамыту арқылы қалалық инфрақұрылымды инновациялық дамыту ерекшеліктерін мен мәселелерін анықтау және талдау болып табылады. Нұр-Сұлтан қаласының үлгісінде қалалық инфрақұрылымды инновациялық дамытудың аталған саясат түрлерін жүргізу жағдайының және өңірдегі шағын және орта бизнестің қазіргі уақыттағы даму көрсеткіштері туралы тиісті органдардың статистикалық деректері келтірілген. Мақаланың теориялық негіздері ондағы қарастырылған негізгі ой-пікірлер мен ұсыныстар, пайымдаулар мен қорытындылар инновациялық дамуды басқару теориясына белгілі бір үлес қосады және қаланың және оның инфрақұрылымының инновациялық дамуын тиімді басқару кезінде пайдаланылуы мүмкін. Себебі, мұндағы тиімді басқару теориясы қаланың тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз ету үшін және оның инфрақұрылымының инновациялық дамуын басқарудың негізгі мазмұнын, құрылымы мен қызметтерін, әдістері мен нысандарын үнемі түрлендіре түседі.

Кілт сөздер: инфрақұрылым, қалалық инфрақұрылым, инновациялық даму, кешенділік, арнайы экономикалық аймақ, инвестициялық саясат, шағын және орта бизнес, өнеркәсіптік саясат, көліктік саясат, экологиялық саясат.

Әрбір қала үшін инфрақұрылымдық дамудың нақты және анық кешені қажет. Инфрақұрылымдық даму кез-келген қаланың шаруашылық өмірінің қалыптасуы мен дамуына әсер етеді, өйткені, «кешенділік» ретінде сипатталатын инфрақұрылым сапасы қаланың экономикалық өсуі үшін аса маңызды, себебі, оның барлық тұтынушылары әрдайым инфрақұрылымның барлық қызметтерін қажетсінеді.

Қазіргі заманауи жағдайларда қалалық инфрақұрылымның инновациялық дамуын басқару мәселелері келесі белгілермен сипатталады:

- шаруашылық етуші субъектілердің шектеулі территорияларда әрекет етуі;
- қалалық инфрақұрылымды дамытудың мақсаты нақты бір қаланың дамуына арналған өзара байланысқан көрсеткіштердің және олардың мәндерінің жиынтығын білдіреді;
- қалалық инфрақұрылымның даму бағдарламасын іске асыру үшін негізінен жергілікті ресурстардың қолданылуы;
- қалалық инфрақұрылымды дамытудың барлық бағдарламалары біртұтастылық ретінде оның барлық салаларының дамуын қарастырады, бағдарламаның жүзеге асырылуын басқару бір орталықтан іске асырылады.


Осылайша, инновациялық экономиканы дамытуға көшу жергілікті билік органдарының алдына қалалық инфрақұрылымның барлық элементтерінің тиімді жұмысына ықпал ететін шаруашылық жүргізудің жаңа нысандарын дамыту міндеттерін қояды. Бұл ретте қалалық атқарушы органдар қаланы дамытудың әр түрлі мәселелерін шешуде ғана емес, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, кәсіпорындар мен қалалық әкімдікке бағынбайтын басқа да ұйымдардың әкімшілігінде да маңызды рөл атқарады. Ол үшін басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыру, қалалық инфрақұрылым басшылығының сапасын жақсарту қажет. Жергілікті басқару органдарының қызметі қалалық инфрақұрылымның инновациялық дамуын ұйымдастыру мен басқаруға жүйелі тәсілді қалыптастыруға бағытталуы тиіс [1].

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қалалық инфрақұрылымды дамыту инфрақұрылымды дамытуды ынталандыратын мақсатты өңірлік инвестициялық, өнеркәсіптік, көліктік, экологиялық саясаттарды жүргізбей, сондай-ақ, шағын және орта бизнесті дамытпай мүмкін болмайды.

Инвестициялық саясат. Әрбір қаланың, мысалы, Нұр-Сұлтан қаласының инвестициялық саясаты сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығымен айқындалатын ерекшелікке ие. Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласының инвестициялық саясатында жалпы ерекшеліктерді атап өтуге болады, олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- осы қала үшін аса маңызды маңызы бар объектілер мен қызмет бағыттарын басым дамыту;
- қолда бар өндірістік, табиғи-ресурстық әлеуетті және мәдени-демографиялық ерекшеліктерді барынша пайдалану және дамыту;
- қаланың барлық аумағының әлеуметтік-экономикалық жағдайын теңестіру, оның шеңберінде бір экономикалық кеңістік құру және нығайту.

Статистика органдарының мәліметтеріне сәйкес, 20 жылдың ішінде Нұр-Сұлтан қаласына тартылған инвестициялардың жиынтық көлемі шамамен 8 трлн. теңгені құрады. 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласы бойынша, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1 056 734 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 10,4 %-ға көп. Ал 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласы бойынша, негізгі капиталға салынған шетелдік инвестициялар көлемі 256 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 31,2 %-ға көп. Қаржыландыру көздері бөлінісінде мемлекеттік бюджет қаражаты 30 %-ды, кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаты — 55 %-ды, банктердің кредиттері — 5 %-ды, басқа да қарыз қаражаты — 10 %-ды құрайды (сурет 1.).



Ескерту. [2] Дерек көзі негізінде құрастырылған.

1-сурет. 2016–2018 жж. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, млн.тг.

Төмендегі кестеден, Нұр-Сұлтан қаласында экономикалық салалар мен қызметтердің негізгі қолданылу бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемін көруге болады.

1 - к е с т е

2015–2017 жж. Нұр-Сұлтан қаласында қолданылу бағыты бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, млн.тг.

№	Қолданылу бағыттары	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
1	2	3	4	5
1	Өнеркәсіп	126 132 (16 %)	122 379 (14 %)	100 684 (11 %)
2	Құрылыс	9 888 (1 %)	6 874 (1 %)	7 469 (1 %)
3	Көтерме және бөлшек сауда	14 527 (2 %)	14 187 (2 %)	18 941 (2 %)
4	Көлік және қоймалау	189 434 (24 %)	186 245 (22 %)	209 864 (22 %)
5	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер көрсету	7 224 (1 %)	34 030 (4 %)	67 768 (7 %)
6	Жылжымайтын мүлікпен операциялар	176 107 (23 %)	189 577 (22 %)	357 572 (37 %)
7	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер көрсету	9 953 (1 %)	11 588 (1 %)	19 422 (2 %)

1	2	3	4	5
8	Білім беру	52 743 (7 %)	58 332 (7 %)	56 563 (6 %)
9	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	14 334 (2 %)	7 041 (1 %)	4 689 (0 %)
10	Өнер, көңіл көтеру және демалыс	25 347 (3 %)	9 852 (1 %)	9 474 (1 %)
11	Ақпарат және байланыс	21 266 (3 %)	7 032 (1 %)	14 875 (2 %)
12	Қаржылық және сақтандыру қызметтері	10 976 (1 %)	10 376 (2 %)	6 976 (1 %)
13	Қызметтің басқа да түрлері	124 395 (16 %)	201 529 (24 %)	82 654 (9 %)

Ескерту. [2] Дерек көзі негізінде құрастырылған.

Кестеден көріп отырғанымыздай, Нұр-Сұлтан қаласында қолданылу бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың басым бөлігін өнеркәсіп, көлік және қоймалар, жылжымайтын мүлікпен операциялар жасау салалары иемденіп отыр.

Нұр-Сұлтан инвестиция тарту орталығына және инвестициялық жобалардың астанасына айналды. Нұр-Сұлтан қаласының экономикалық-іскерлік әлеуеті инвестициялар үшін айтарлықтай басымдықтар ашады. Қаланың белсенді қолдауының, оның әлемдік деңгейдегі Нұр-Сұлтан имиджінің арқасында ол бизнесті жүргізу үшін өте тартымды болып отыр. Жоғарыда атап өткеніміздей, бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы экономикасына тартылатын барлық инвестициялардың 55 %-ы жеке меншік капитал есебінен болып табылады.

Тиімді инвестицияларды тарту міндеттерін «Нұр-Сұлтан — жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) шешеді. Ол бүкіл әлемде өңірде инвестициялар ағынын ынталандыру құралы ретінде қолданылатын «еркін экономикалық аймақ» ролінде әрекет етеді. АЭА құрылған сәттен бастап оның аумағына 2,0 трлн астам инвестиция тартылды, жобаларды іске асыру кезінде инвестицияның 50 % (1,2 трлн. теңге) игерілді [2].

Осылайша, инвестициялық саясаттың басымдықтары болып инфрақұрылымды нығайту және дамыту, оның ішінде көлік инфрақұрылымын дамыту, сумен жабдықтау және энергиямен қамтамасыз ету, агроөнеркәсіптік кешенді қолдау, өнеркәсіпті дамыту, экология, әлеуметтік секторды дамыту саналады. Осыған байланысты, республикалық бюджет қаражаты, тікелей инвестициялар қоры, «Бизнестің жол картасы-2020» Бірінғай бағдарламасы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамы және басқа да көздер есебінен қаржыландыру арқылы қаланы дамыту үшін өмірлік маңызы бар инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылады [3]. «Астана» Халықаралық қаржы орталығы арқылы жаңа, әсіресе жасыл инвестицияларды тартуға жәрдемдесу мақсатында халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен өзара іс-қимыл күшейтіледі [4]. Қаланың инвестициялық мүмкіндіктерін, оның инновациялық әлеуетін ұсыну, сондай-ақ, экономикалық форумдарға, көрмелерге, сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияларға қатысу мақсатты ақпараттық-насихаттау жұмыстары жалғастырылады [5].

Қала нарығын өз өндірісінің өнімдерімен толық толықтыру мақсатында болашақта инвестициялық жобаларды іске асыру болжанып отыр.

Өнеркәсіптік саясат. Болашақта Нұр-Сұлтан қаласының өнеркәсіптік өндірісінің өсуі негізінен ағаш өңдеу, машина жасау, металлургия өнеркәсібі, тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары мен құрылыс индустриясының жабдықтары өндірісі, электр энергиясы, газ және су өндірісі, пластмасса және резеңке бұйымдары өндірісі салаларында тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорындар көлемінің ұлғаюы есебінен қалыптасады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша, 2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласының өнеркәсіп кәсіпорындары (шағын кәсіпорындарды, қосалқы өндірістерді, үй шаруашылығы секторын қоса алғанда) қолданыстағы бағамен 601,7 млрд. теңгеге өнім өндірді, бұл 2017 жылғы деңгейімен салыстырғанда 104,8 %-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінде 2018 жылы 2017 жылғы деңгейімен салыстырғанда 111,2 %-ға өсіп, республика бойынша бірінші орынға шықты. Машина жасау өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 8,2 есеге артты; жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру 86,7 %-ға; металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 218,3 %-ға өсті. Сонымен қатар, өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісі 34,6 %-ға, резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісі 29,9 %-ға төмендеді. Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптауда 2018 жылғы қаңтарда 2017 жылғы қаңтардағы деңгейімен салыстырғанда нақты көлем

индексі 2 %-ға өсті. 2018 жылдың қаңтар айында сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылауда 2017 жылғы қаңтардағы деңгейімен салыстырғанда нақты көлем индексі 118 %-ды құрады [6].

Өнеркәсіпті дамыту үшін жағдайлар жасау қаланың бірінші қажеттіліктегі тауарларға деген сұраныстарын қанағаттандыруды, сондай-ақ, экспорттық әлеуетті дамытуды, өз шикізаттық ресурстарынан бәсекеге қабілетті өнім шығаруды игеруді қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта, қалада өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін жандандыру бойынша өте маңызды жұмыстар атқарылуда. Өңдеуші өнеркәсіпте өндірістің жаңа түрлері игерілді:

1. Тамақ өнеркәсібі өндірісі: ұн, нан, ұннан жасалған кондитерлік және макарон өнімдері, ет, жұмыртқа, сүт, табиғи шырын және құрамында шырыны бар сусындар, сүт және ірімшік өнімдері, таза ауыз су, минералды сулар және алкогольсіз сусындар, шұжық өнімдері және жартылай фабрикаттар және т.б.

2. Машина жасау өндірісі: ауыл шаруашылығы машиналары, жабдықтар мен сорғылар, «Talgo» жолаушылар вагондарын шығару, тікұшақтар шығару, компрессорлық жабдықтар мен станоктар, фотоэлектрлік модульдер, жол қоршаулары, жарық диодты техника және т.б.

3. Ағаш өңдеу өндірісі: ағаш-аралау материалдары, ағаш терезелер, есіктер, витраждар, жиһаз, ағаш құрылыс материалдары, ағаш бұйымдар, ағаш үйлер мен моншалар, күркелер және т.б.

4. Пластмасса және резеңке бұйымдары өндірісі: керамикалық санитарлық-техникалық бұйымдар, шыны пластик құбырлар және үлгілік бұйымдар, композициялық сүрек, көп қабатты желімделген фанер, пластикалық есіктер мен терезелер, жарық люктері мен фонарлар, жылумен жабдықтау және сумен жабдықтау жүйелеріне арналған құбырлар мен фитингтер, пластмасса табақтар, полиэтилен құбырлары, тауарларға арналған пластикалық қаптамалар және т.б.

5. Құрылыс материалдары өндірісі: құрылыс ерітінділері, әк, жылу оқшаулағыш, цемент қоспалары, бетоннан жасалған бұйымдар, құрылыс болат құрастырмалары, тауарлық бетон және құрғақ бетон қоспалары, құрғақ құрылыс қоспалары, азаматтық, өнеркәсіптік құрылысқа арналған темір-бетон құрастырмалары, қабырға блоктары, сымнан жасалған бұйымдар, металлопластикалық және алюминий бұйымдарын жасау және монтаждау, силикатты және қаптайтын кірпіш, жабынқыш, қалыптар, шыны, металл құрастырмалары, ақ цемент, газ блоктары, пеноблоктар мен құмблоктары, жабын плиталары және бетон құбырлар және т.б.

6. Жеңіл өнеркәсіп өндірісі: киім және керек-жарақтар, арнайы киім, кәсіби және нысанды киім, т.б.

7. Электр энергиясы, газ бен су өндірісі.

Алайда, өнеркәсіптік саясатта кейбір кемшіліктер бар:

– экспортқа бағытталған және импортты алмастыратын өндірістердің аз ғана саны, технологиялардың төмен деңгейі;

– ішкі инвестициялардың жеткіліксіз саны;

– кәсіпорындардағы моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген жабдықтар;

– шығарылатын өнім сапасының халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі [7].


Шағын және орта бизнес. Нұр-Сұлтан қаласында кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қолдау және қамтамасыз ету бәсекеге қабілетті тауарлар өндірісі мен қызметтер көрсетуді қалыптастырудың және кеңейтудің ең басты бағыттарының бірі, жаңа жұмыс орындарын құрудың құралы және бюджетті толтырудың, сонымен қатар, экономиканың әртүрлі салаларында оның үлес салмағын арттырудың көзі ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта, мемлекеттік қолдаудың шағын және орта бизнестің (ШОБ) экономиканы дамытудың аса маңызды факторы ретіндегі қалыптасуын қамтамасыз етіп отыр. Шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру қалада жеке кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамытудың негізін қалауға мүмкіндік береді.

Тәуекелі төмен және инвестициялардың аз бөлігін талап ететін шағын және орта бизнестің экономикадағы ұтқырлығы мен икемділігі аз ғана уақыттың ішінде қалыптасып отырған жағдайды, бірінші кезекте, сауда мен қызмет көрсету саласындағы жағдайды өзгертуге және тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Нұр-Сұлтан қаласының қалалық инфрақұрылымын әрі қарай инновациялық тұрғыда дамытуда ШОБ-ты мемлекет тарапынан қолдаудың маңызы өте зор. Ол қаланың болашақ инфрақұрылымдық даму басымдықтарына сәйкес, ШОБ субъектілерін қолдау және қаржыландыру шаралары арқылы жүзеге асырылатын болады. Ендігі кезекте, осы шаралардың нәтижелерін төмендегі көрсеткіштер арқылы сипаттап көреміз.

Қалада шағын және орта бизнеске иық артатын экономиканың өзіндік жеткілікті құрылымы қалыптасқан. Мәселен, 2018 жылы қалада шағын және орта бизнестің өндiрген шығарылым көлемi 4 889 млрд. теңгеге жеттi. Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан өңiрлерiнiң iшiнде жиынтық қосылған күн көрсеткiшiндегi шағын және орта бизнестiң үлесi бойынша көшбасшы өңiрге айналып отыр, сәйкесiнше, 2018 жылы шағын және орта кәсiпкерлiктiң жалпы өңiрлiк өнiмдегi үлесi 54,4 %-ды құрады және бұл Қазақстан өңiрлерiнiң арасында ең жоғары көрсеткiш болып табылады. Ал 2019 жылғы қаңтардағы деректерге сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласында шағын және орта бизнеспен айналысатын шаруашылық жүргiзушi субъектiлердiң саны 124 685 бiрлiктi және шетелдiк компаниялардың саны 2 604 бiрлiктi құрады (сурет 2).



Ескерту. Дерек көзі негізінде құрастырылған [8].

2-сурет. 2016–2019 жж. Нұр-Сұлтан қаласындағы іс жүзіндегі ШОБ және шетел компанияларының саны

Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламасында көрсетілген ең басты және негізгі басымдықтардың бірі ретінде ШОБ субъектілерін қаржыландырудың, олардың бизнес-жобаларын субсидияландырудың және микро несиелендірудің жаңа тетіктерін әзірлеу шаралары қарастырылады. Оны Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Бизнестің жол картасы-2020» Бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру аясында атқарылып жатқан іс-шаралар нәтижелерінен көруге болады. Мәселен, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының бағдарламаны жүзеге асыруы шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласында 2010 жылдан бастап 2019 жылдың 1-ақпан айының аралығындағы уақытта мойындалған ШОБ жобаларының саны 805-ке жетті және осы жобалар 186,81 млрд. теңгеге несиелендірілді [9, 4].

Осындай мәліметтер негізінде Нұр-Сұлтан қаласы бағдарламаның орындау аясында ШОБ субъектілерін несиелендірудің, бизнес-жобаларды мойындаудың және оларды субсидияландырудың алғашқы үш белсенді өңірдің қатарына кіріп отыр. Жалпы алғанда, ШОБ сегменті қалалық инфрақұрылымды дамытудың аса маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Көліктік саясат. Көліктік саясаттың мақсаты болып көліктің барлық түрлерімен тасымалдау қызметтері нарығын дамыту, экономика мен халықтың көліктік қамтамасыз етудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру, транзиттік мүмкіндіктерді, оның ішінде жаңа автомобиль және темір жол тораптарын салу есебінен іске асыру табылады.

Қазіргі уақытта, Нұр-Сұлтан қаласының автомобиль көлігінде толық монополиясыздандыру жүргізілді және бәсекелестік орта құрылды. Мамандандырылған көлік компаниялары жүзеге асыратын жолаушылар тасымалы көлемінің өсу үрдісі жүріп жатыр. Жеңіл рельсті көлік (LRT), жүрдек автобус көлігі (BRT) және зияткерлік көлік жүйесі (ITS) кіретін «Нұр-Сұлтан қаласының жаңа көлік жүйесі» жобасы аясында Нұр-Сұлтан көлік кешенін дамыту және жаңғырту бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Даму және жаңғырту бағдарламасы нақты белсенділік субъектілерінің ниеті мен қызметін осы қызметке зиян келтірмей, барлық мүдделі адамдар үшін ашық етуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Бағдарламада іс-әрекет ниеттері мен жұмыс құрылымы тұжырымдалады және толық түрде ұсынылады. Қызмет бағдарламасының болуы қалалық басқарудың жариялылығын арттырады, өйткені жұмыс істеп тұрған субъектілердің іс-әрекеті басталғанға дейін ниеттерімен танысуға және дәйектілігі бағдарламада ұсынылған іс-әрекеттермен ниеттерді ұштастыруға мүмкіндік пайда болады.

Қазіргі экономика жағдайында қаланың инновациялық дамуын және оның инфрақұрылымын басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру шоғырландыру, ілгерілеушілік, ашықтылық, серпінділік қағидаттарын арттырады. Бұл ретте қаланың және оның инфрақұрылымының тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін инновациялық дамуды басқарудың негізгі құрылымдары мен қызметтері, әдістері мен нысандары мақсатты түрде өзгертіледі.

Зерттеу барысында көптеген мәселелер қойылған және негізделген жауаптарды талап етеді, ал ұсынылып отырған ұсынымдар нарықтық шаруашылықтың кеңістік және уақыт жағдайында Қазақстанның әртүрлі қалаларында одан әрі тәжірибелік сынақтан өткізуді қажет етеді [0, 3–4].

Экологиялық саясат. Экологиялық саясаттың мақсаты қаланың экологиялық және экономикалық мүдделерінің өзара үйлесімділігін ескеретін, бірақ міндетті түрде біріншісіне басымдық бере отырып, табиғатты қорғау іс-шараларын іс жүзінде жүзеге асыру негізінде қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайту болып табылады. Қалада шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын кәсіпорындарда міндетті өндірістік мониторинг жүргізу жүйесі енгізілетін болады.

Қаланың экологиялық саясаты келесі қағидаттарды сақтаумен жүзеге асырылады:

- қоршаған ортаны қорғау қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін әділ қанағаттандыруды қамтамасыз етуі тиіс;
- адамдар табиғатпен үйлесімде салауатты және жемісті өмір сүруге құқылы;
- аймақтың экожүйесінің дұрыс жағдайы мен тұтастығын сақтау, қорғау және қалпына келтіру мақсатында халықаралық ынтымақтастық.

Қаланың экологиялық инфрақұрылымы қала ортасының маңызды элементі болып табылады, ол көгалдандыру жүйесін, адамдардың өмір сүруіне қолайлы аймақтар мен аумақтарды қамтиды. Экологиялық инфрақұрылымды дамыту қаланың сыртқы ортасының метеорологиялық жағдайларын, сәулет-қала құрылысы дизайнын және табиғи-ландшафтық қаңқасын түзетуді ескере отырып құрылатын қалалық қоныстану құрылымдарын көлемді-жоспарлы ұйымдастыру жолымен қамтамасыз етіледі.

Қаладағы ағымдағы экологиялық жағдайды ескере отырып, Нұр-Сұлтанды дамытудың стратегиялық міндеті қалдықтарды азайту және қайта өңдеу болып табылады. Астанада келесі кезеңдерді көздейтін қалдықтарды басқару жүйесі енгізіледі: қалдықтар көлемін қысқарту, қайта өңдеу, қайта пайдалану және кәдеге жарату. Қалдықтардың көлемін қысқарту, оларды қайта пайдалану, қайта өңдеу және көму жөніндегі бастамаларды қолдауды, ресурстарды тиімді пайдалануды ынталандыруды көздейтін қалдықтарды кәдеге жарату бағдарламасы қоршаған орта үшін теріс салдарларды жұмсарту кезінде қала экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етеді. Бағдарламаны енгізу нәтижесі 2020 жылға қарай шамамен 30 %-ға және 2030 жылға қарай 80 %-ға қоқыс үйіндісіне шығарылатын қалдықтар көлемін қысқарту болуы тиіс.

Табиғатты қорғау қызметін тұрақтандыру мен үнемі жақсарту және қаланың экологиялық қауіпсіздігін стратегиялық қамтамасыз ету үшін:

– табиғатты қорғау және табиғатты пайдалану саласында қала тұрғындары мен кәсіпорындары басшыларының менталитетін өзгерту, ластанудың жеке көрсеткіштерін төмендету, қоршаған орта мен тіршілік ету ортасының жағдайын басқару үшін әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және гигиеналық мониторингтің ақпараттық-талдау жүйелерін пайдалана отырып жағдай жасау;

– көлік құралдарының экологиялық қауіпсіздігі жөніндегі шаралардың қалалық кешенді бағдарламаларын жаңарту, оның ішінде қала аумағында экологиялық талаптарға жауап бермейтін автокөлікті пайдалануға тыйым салуды кезең-кезеңмен енгізу, катализаторларды енгізу, пайдаланылған автомобиль газдарының бейтараптандырғыштарын пайдалану, қаладағы экологиялық жағдайды ескере отырып, көлік ағындарын ретке келтіру схемасын құру үшін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

– ғылымды қажетсінетін және ресурс үнемдейтін технологиялар негізінде өндірістік саланы қайта ұйымдастыруды, экологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жаңа өндірістерді орналастыруды ынталандыру;

– қалалық су жинағыштарды тиімді санитарлық қорғауды қамтамасыз ету, артезиан ұңғымаларынан сумен қамтамасыз етудің қайталанатын жүйелерін дамыту, қаланың су жинағыштарын кезең-кезеңмен қайта жаңартуды жүргізу;

– қаланың бірыңғай алқабы және табиғи қаңқасының негізі ретінде қалаға іргелес аумақтардың сапасын жақсарту, өсімін молайтуды кеңейту және жақсарту, мониторингті ұйымдастыру, рекреация аймақтары мен тыныштық аймақтарын бөлу және жабдықтау арқылы аумақтарды аймақтарға бөлу;

– кәсіпорындардың шығарындыларға квоталар нарығына белсенді шығуына қол жеткізу;

– қаланың сол жақ жағалауын су басуды болдырмау жөніндегі құрылыстарды жайластыруды қамтамасыз ету;

– жер үсті су ресурстарының жағдайын және Есіл өзенінің жағасының эстетикалық түрін жақсартуға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

– Есіл өзенінің және оның ағынының ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болдырмау, су тоғандарының жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің тіршілік ету ортасын сақтау, сондай-ақ су қорғау аймағында немесе белдеуде (автомашиналарды жууға тыйым салу белгілерін, сондай-ақ, тұрақтарды, жағажайларды және т. б. орналастыруға жол бермейтін белгілерді орнату) шаруашылық пайдаланудың арнайы режимін сақтау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнатуды қамтамасыз ету;

– халықты экологиялық ағарту орталығын құру қажет.

Осы міндетті шешу Нұр-Сұлтан қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2016–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және Нұр-Сұлтан қаласын көгалдандырудың 2030 жылға дейінгі кешенді схемасында көзделген қала ішіндегі жасыл желектер мен саябақ аймақтарының алаңын одан әрі ұлғайтуды көздейді.

Қала әкімшілігі мониторинг және әртүрлі көтермелеу жүйесі арқылы қала кәсіпорындарында улы шикізатты жоюға, өндіріс үдерісі аяқталғанға дейін қалдықтар мен қалдықтардың барлық түрлерінің көлемі мен уыттылығын азайтуға бағытталған «барынша таза өндіріс» стратегиясын енгізуді қолдайтын болады. Сарапшылардың бағалауы бойынша, кәсіпорындардың «барынша таза өндіріс» стратегиясын қолдану нәтижелері:

– шикізатты, электр энергиясын, суды тұтынуды қысқартудан;

– қалдықтарды төмендетуден;

– кәсіпорын қаражатын үнемдеуден;

– қала аудандарында экологиялық жағдайды жақсартудан көрініс табады.

Неғұрлым таза өндірістің негізінде технологияларды жетілдіру, білім мен біліктілікті арттыру жатыр. Сондай-ақ, халықаралық қаржы ұйымдары қолданатын әдіснамаларды ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласында табиғат қорғау іс-шараларын қалалық жоспарлауды және қаржыландыруды жетілдіру тетігі әзірленетін болады [11].

Осылайша, қаланың инновациялық дамуы таяу уақытта экономиканың түрлі салаларындағы жаңа стратегиялық іс-қимылдарды, бағдарламалар мен жобаларды іске асыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Қорытындылай келе, Нұр-Сұлтан қаласының қалалық инфрақұрылымының инновациялық дамуын сапалы басқарудың негізгі алғышарты инвестициялық, өнеркәсіптік, көліктік және экологиялық саясаттардың жүзеге асырылуының, сонымен қатар, шағын және орта бизнестің дамуының жоғары қарқыны болып табылатынын атап өтуге болады. Осының барлығы қалалық инфрақұрылымның инновациялық дамуының негізгі элементтері мен кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік береді. Мәселен, қала алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін қала инфрақұрылымын дамытуға және экономиканың өндірістік және әлеуметтік құрылымын жетілдіруге бағытталған экономиканың басым секторларына инвестициялар ағынын ынталандыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Голованов В.И. Современное управление инфраструктурой городского хозяйства: учеб. / В.И. Голованов и др. — М.: Научный консультант, 2018. — 314 с.
- 2 Инвестиции г. Астана. Бизнес-портал Астаны [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.astana2050.kz/ru>
- 3 Меры поддержки инвестиционных проектов г.Нур-Султан ТОО «Городской центр развития инвестиции «ASTANA INVEST» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://investinastana.kz/ru>
- 4 Данные Международного финансового центра «Астана» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://aifc.kz/ru>
- 5 Информационная поддержка — услуги для инвесторов г.Нур-Султан ТОО «Городской центр развития инвестиции «ASTANA INVEST» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://investinastana.kz/ru>
- 6 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://stat.gov.kz>
- 7 Промышленность г. Астана. Бизнес-портал Астаны [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://astana2050.kz/ru>
- 8 Социально-экономический обзор г.Астаны. ТОО «Городской центр развития инвестиции «ASTANA INVEST» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://investinastana.kz/ru/econom>
- 9 Ежедневные данные о ходе реализации программы «Дорожная карта бизнеса – 2020» Фонда развития предпринимательства «Даму» от 01.02.2019 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://damu.kz/programmi/dorozhnaya-karta-biznesa-2020/ezhenedelnye-dannye-o-khode-realizatsii-programmy-dorozhnaya-karta-biznesa-2020/>
- 10 Программа модернизации транспортного комплекса города Нур-Султан на 2015–2019 годы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://zakon.kz/4777818-programma-modernizacii-transportnogo.html>
- 11 Стратегический план устойчивого развития города Астаны до 2030 года [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus>

Б.Н. Жабытай, Н.С. Досмаганбетов, Г.К. Айбасова

Основные направления и пути совершенствования управления инновационным развитием городской инфраструктуры

В статье рассмотрены основные направления и пути совершенствования вопросов управления инновационным развитием города и его инфраструктурой на примере города Нур-Султан. Основной целью статьи являются эффективная реализация региональной инвестиционной, промышленной, транспортной и экологической политики инновационного развития городской инфраструктуры, а также выявление и анализ проблем и особенностей инновационного развития городской инфраструктуры через государственную поддержку и развитие малого и среднего бизнеса. На примере города Нур-Султан приведены статистические данные соответствующих органов о состоянии проведения данных видов политики инновационного развития городской инфраструктуры и современных показателях развития малого и среднего бизнеса в регионе. Теоретические основы статьи, предусмотренные в ней основные мысли и предложения, суждения и выводы вносят определенный вклад в теорию управления инновационным развитием и могут быть использованы при эффективном управлении инновационным развитием города и его инфраструктуры.

Ключевые слова: инфраструктура, городская инфраструктура, инновационное развитие, комплексность, специально-экономическая зона, инвестиционная политика, малый и средний бизнес, промышленная политика, транспортная политика, экологическая политика.

B.N. Zhabytay, N.S. Dosmaganbetov, G.K. Aybasova

The main directions and ways to improve the management of innovative development of urban infrastructure

The article discusses the main directions and ways to improve the management of innovative development of the city and its infrastructure on the example of Astana. The main purpose of the article is effective implementation of regional investment, industrial, transport and environmental policy of innovative development of urban infrastructure, as well as identification and analysis of problems and features of innovative development of urban infrastructure through state support and development of small and medium-sized businesses. On the example of the city of Astana the statistical data of the relevant authorities on the state of these types of policy of innovative development of urban infrastructure and modern indicators of small and medium-sized businesses in the region are given. Theoretical foundations of the article the main ideas and suggestions, judgments and conclusions provided in it make a certain contribution to the theory of management of innovative development and can be used for effective management of innovative development of the city and its infrastructure. Since the theory of effective management is constantly

transforming the basic content, structure and functions, methods and forms of management of innovative development of the city and its infrastructure to ensure sustainable economic growth of the city.

Keywords: infrastructure, urban infrastructure, innovative development, complexity, special economic zone, investment policy, small and medium business, industrial policy, transport policy, environmental policy.

References

- 1 Golovanov, V.I. & et al. (2018). *Sovremennoe upravlenie infrastrukturoi horodskoho khoziaistva [Modern management of urban infrastructure]*. Moscow: Nauchnyi konsultant [in Russian].
- 2 Investitsii h. Astana. Biznes-portal Astany [Investments Astana. Business portal of Astana]. *astana2050.kz*. Retrieved from <http://www.astana2050.kz/ru> [in Russian].
- 3 Mery podderzhki investitsionnykh proektov h. Astana TOO «Horodskoi tsentr razvitiia investitsii «ASTANA INVEST» [Measures of support of investment projects in Astana LTD «center of Urban development investment «ASTANA INVEST»]. *investinastana.kz*. Retrieved from <https://investinastana.kz/ru> [in Russian].
- 4 Dannye Mezhdunarodnoho finansovoho tsentra «Astana» [Data of the international financial center «Astana»]. *aifc.kz/ru*. Retrieved from <https://aifc.kz/ru> [in Russian].
- 5 Informatsionnaia podderzhka — usluhi dlia investorov h. Astana TOO «Horodskoi tsentr razvitiia investitsii «ASTANA INVEST» [Information support-services for investors Astana «City center for investment development LTD «ASTANA INVEST»]. *investinastana.kz*. Retrieved from <https://investinastana.kz/ru> [in Russian].
- 6 Dannye Komiteta po statistike Ministerstva natsionalnoi ekonomiki Respubliki Kazakhstan [Data of the Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan]. *stat.gov.kz*. Retrieved from <http://www.stat.gov.kz> [in Kazakh].
- 7 Promyshlennost h. Astana. Biznes-portal Astany [Industry Astana. Business portal of Astana]. *astana2050.kz*. Retrieved from <http://www.astana2050.kz/ru> [in Russian].
- 8 Sotsialno-ekonomicheskii obzor h. Astany. TOO «Horodskoi tsentr razvitiia investitsii «ASTANA INVEST» [Socio-economic review of Astana. «Astana INVEST» City center of investment development LTD]. *investinastana.kz*. Retrieved from <https://investinastana.kz/ru/econom> [in Russian].
- 9 Ezhenedelnye dannye o khode realizatsii prohrammy «Dorozhnaia karta biznesa – 2020» Fonda razvitiia predprinimatelstva «Damu» ot 01.02.2019 h. [Weekly data on the implementation of the program «business Road map 2020 «entrepreneurship development Fund «Damu» from 01.02.2009]. *damu.kz*. Retrieved from <https://www.damu.kz/programmi/dorozhnaya-karta-biznesa-2020/ezhenedelnye-dannye-o-khode-realizatsii-programmy-dorozhnaya-karta-biznesa-2020/> [in Russian].
- 10 Prohramma modernizatsii transportnoho kompleksa horoda Astana na 2015–2019 hody [The program of modernization of the transport complex of the city of Astana for the period 2015–2019]. *zakon.kz*. Retrieved from <https://www.zakon.kz/4777818-programma-modernizatsii-transportnogo.html> [in Russian].
- 11 Stratehicheskii plan ustoichivoho razvitiia horoda Astany do 2030 hoda [Strategic plan for sustainable development of Astana city until 2030]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://www.adilet.zan.kz/rus> [in Russian].